




ӨНЕР ТАРИХЫ

Крит, Микен аралдарының өнері





Шамамен б.з.д. 2000 жылдары негізі қаланып, б.з.д. 1500 жылдар гүлдену дәуірін басынан кешірген Крит, Микен аралдарының өнері Ежелгі Грек мәдениеті мен өнерінің негізін қалаушы алғашқы сатысы. Эгей теңізінің жағалауында орналасқан Крит, Микен, Тиринф аралдарын мекен еткен халықтар әлі де болса мәдениеті бірікпеген, бірақ өзіндік ерекшелігімен құнды дүниелер жасады. Солардың ішінде ерекше көзге түсіп, ең алдымен тоқталып кететініміз бұл Крит аралдарының өнері. Бұл уақыттағы өнерді географиялық орналасу территориясына қарай Крит, Микен аралдарының өнері, Миной мәдениеті немесе Эгей өнері деп те атау қалыптасқан. Крит аралдарының өнері ең алдымен, бейбіт, өзара тәуелсіз өмір сүрген халық болуымен ерекшеленеді. Олар өз қалаларын арнайы қорғандармен қоршамаған. Осы ерекшелегі өзара көршілес қала-полистермен бейбіт тұрғанын айқындай түседі.

Крит аралдарының өнері туралы сөз қозғайтын болсақ, Кносс сарайы жайлы айтпай кету мүмкін емес. Кносс сарайы Крит өнерінің жауһары саналады. Құрылысы өте күрделі бірнеше қабаттан тұратын бұл ғимарат өз кезінде лабиринт деген атауды иеленген болатын. Өйткені алғашқы салыну барысында құрылысы жоспарланбаған ғимарат көлемі кеңейіп, жапсарлас бөлмелердің жалғануымен ерекшеленеді. Тіпті кейбір тұстарында кіреберіс жолдардан адам адасып, жоғалтып алуы да мүмкін еді. Жертөле мен жер бетіндегі үш қабаттан тұратын ғимарат 120x120 өлшемдегі кеңістікті қамтыды. Оның ішінде тек қана сарай мүшелері ғана емес, сарай қызметшілері, әскери, қорғаныс қызметшілері, барлығы осы сарайдың ішінде өмір сүрді. Жертөлелерде осынша көп адамға арналған азықты сақтайтын қоймалар, әртүрлі қызметке арналған бөлмелер де орналасты. Олардың көлемі айтарлықтай үлкен болмады. Өйткені төбе жабыны Крит аралдарында да өзекті мәселе ретінде қарастырылды. Кносс сарайы бірнеше қабатты болуымен қатар, безендірілуі жағынан да ерекше болды. Әрбір бөлмеде Крит аралдарын мекендеуші халықтардың тұрмысын, спорттық ойындарын бейнелеумен қатар, әртүрлі фантастикалық бақтар мен жануарлардың бейнелерін де салып отырған болатын. Солардың ішіндегі ең ерекшесі тақ залы деп аталады. Тақ залы қызыл түске бөленіп, оның қабырғаларында грифон бейнесіндегі ғажайып жануарлар кескінделген. Грифон грек мәдениетінде тылсым, ғажайып бір құс-жануардың бейнесі. Денесінде арыстан іспетті, құс тұмсықты фантастикалық жануардың бейнесі болатын. Ортада тақ орналасып, оның алдында дөңгелек пішінді, іші сәл шұңғылдау келген тас ошақ тұрды. Өзіндік құрылыстық ерекшеліктеріне қарай бөлме іші кең болмады. Тас ошаққа белгілі бір діни жоралғылар кезінде от жағылатын. Таққа қарама-қарсы қабырғадабағандарорналасты. Бұлбағандаркейінгіклассикалықкезеңдеүлгіболыпқалыптасқан бағандардың қарама-қайшы үлгісі болды. Әдетте бағандар жоғары қарай сүйірленетін болса, осы Криттегі Кносс сарайында керісінше жоғары жағында жуандап, төменгі жағында сүйірлене түсті. Тақ залынан емес, бүкіл сарайдың барлық жерінен осындай колонна үлгілерін көреміз. Оларды протодорийлік ордерлер деп атаймыз. Ордерлік жүйе архаика дәуірінде пайда болса, прото, яғни ілкі оған дейінгі деген сөз. Протодорийлік ордерлер қызыл немесе қара түске боялып, капителі өте қарапайым шешілді. Екі немесе үш қабат құрайтын ғимараттың аралық қабаты осы тіреу бағанды жүйеде протодорийлік жүйеде шешілді. Сырттан қараған кезде бұл ордерлер ерекше бір әсем көрінетін. Асқақ көрінбейді, керісінше әдемі әрі әсерлі көрінеді. Асқақ көріну үшін ол жоғары қарай сүйірлену керек болатын. Кносс сарайының тарихтан алған екінші атауы «лабиринт» деп аталды. Лабиринт – бұл ішіне кірсең адасып, шыға алмайтын құрылыс. Лабиринт деп аталу себебі, оның Тесей туралы мифпен байланысында болды. Кейінгі Грек халқы осы Эгей мәдениеті кезінде ғимараттың ішінде адам денелі, бұқа басты бір құбыжық өмір сүрген деп сенген болатын. Мифология желісі бойынша ол құбыжықты Тесей жеңіп, жіптің арқасында адаспай, қайта сыртқа шыққан екен.

Бұқа басты құбыжық Минотаврдың символдық белгісі ретінде әртүрлі белгілер бар. Солардың бірі екі мүйіздің формасында шешім тапқан, орындық немесе тағы басқа да ғұрыптық қызмет атқарған заттар болды. Эгей мәдениетінде осы бұқа культімен байланысты заттардың бірі ол ритондар еді. Ритондар сұйықтық немесе шарап құюға арналған, мүйізден жасалған арнайы ыдыстар. Оның басы мен соңы күміс немесе алтын бұйымдармен әшекейленіп безендіріліп, оған кейде асып немесе іліп жүруге арналған жіп байланатын. Бұқа культімен байланысты Кносс сарайындағы кезекті бір бөлмелердің іші салтанат залына апаратын дәліз болатын. Сол дәліздің қабырғасы «Таврокатапсия» тақырыбындағы ойынмен, ойын сюжетіне байланысты безендірілген болатын. Бұл ойын адамдардың өлім үшін немесе өмір үшін тартысын емес, өзінің



өнерін, ептілігін, қозғалыс барысында өзінің теңдігін ұстай алу шеберлігін көрсететін өнер түрі еді, яғни акробаттар үлкен алып бұқамен өнер көрсетіп, сол бұқа қалай қозғалса, қандай бір қауіп тудырса да өз өнерін соңына дейін аяқтап шығуы керек болатын. Байқап отырсақ бұл жерден де иығын алдынан қарата, аяғын қырынан, көзін алдынан, басын қырынан қаратып бейнелеу мысырлық әдісі сақталса да ерекше бір нәзіктік, әсем сұлулық байқалады. Өйткені Кносс сарайындағы әрбір бөлмеден көретін бейнеден біз ерекше сәнді сән үлгісін, шаштарын бұйралап, кейбір жерлерде оны моншақпен әспеттеп қою үлгілерін көреміз. Ал адамдардың қолы, аяқтары барынша жіңішке етіп, бұлшықеттері тұспалданып бейнеленіп, белдері өте әсем, әдемі, жіңішке етіп тартылып бейнеленетін.

Кносс сарайындағы тағы бір керемет бейнелердің бірі – әйелдердің бейнесі. Біз шаш үлгісі ерекше, XX ғасырдағы Париж қыздарына ұқсайтын қыз бейнелерін көреміз. Ғалымдар оларды «Парижанка» деп атайды. Жұмақ бағын мекендеуші көк құстарды да тамашалай аламыз. Түстерінің сол күйі қанық, өте әсерлі сақталуы да Кносс сарайындағы көркемдік мәдениеттің өте жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Қала мәдениеті осы Миной мәдениеті тұсында өте қарқынды дамыды дедік. Бірақ Кносстың жойылып кетуіне әлде қандай әскери немесе соғыс жағдайы себеп болған жоқ. Фест аралында болған жойқын жанартау жарылысы осы Кносс сарайының да жойылуына тікелей әсер еткен болатын.

Келесі бір өнер ескерткішін біз Тиринфтегі акропольден көре аламыз. Акрополь – жазық төбеге салынған қала деген мағынаны береді. Мұндай қалалар салу қажеттілігі енді жан-жақтан көршілес елдерден төнген қауіптің үдей түскендігін айқындатады. Қалалар әдетте қорғаныс мақсатында салынып, төменнен қараған елге асқақ, өте ұлы, әсем, саланатты көрініп тұру үшін осындай ерекше жерлер таңдалып алынған болатын. Қауіп-қатердің үдей түскен бір тұсын біз Микен аралдарынан көреміз, яғни бұл жердегі акрополь қақпаның ерекше сипат алуына байланысты «Арыстандар қақпасы» деп аталды. Жалпы қала сырты өте үлкен, дөрекі өңделген тас блоктарынан қаланған болатын. Ондай қабырғалардың биіктігі әдетте 20 м-ге, қалыңдығы 10 м-ге жететін. Тіпті ол қабырғалардың үстінен адамдар аттылы арбалы жүгімен де өтуі мүмкін еді. Қақпаға ерекше мән берді. Қақпаны ерекше әсерледі. Өйткені қалаға сырттан келуші елшілер немесе басқа да адамдар келген кезде сол қақпаға қарап әсерленуі керек болатын. Қақпа әдеттегідей төртбұрыш пішінді болғанымен, оның төбесінде конус тәрізді үлкен бір тас блогы тұрды. Ол тас блогты мүсінші шеберлер өңдеу нәтижесінде керемет бедерлі Тиринф аралының гербтік белгісін орнатады. Мұнда ортада баған бейнеленген. Баған – сол Тиринфтің мызғымас билігінің белгісі. Оған екі жағынан алдыңғы аяқтарын көтеріп артылып тұрған екі арыстанның бейнесін көреміз. Осы рельефтік бедерге байланысты Микен қаласындағы үлкен қорған кіреберісі «Арыстандар қақпасы» деген атауға ие болады. Қақпа сырты дөрекі, қорғандары өте ауыр, тұрпайы көрінгенімен, қала іші өте әсем көркем безендірілген, әртүрлі алебастрлармен көркемделген керемет сарайлар орналасқан болатын. Олар сыртқы келбетімен мүлде қарама-қайшы сипат алды. Сондай бір әсемдікті жасырып, сыртынан қаптап қойғандай әсер қалдыратын. Микен сарайларының ішкі қабырғасы сыртқы қорғанмен қарама-қайшылықта өте нәзік әрі әсем бейнеленді. Олардың қабырғалары әртүрлі соғыс, аңшылық көріністерімен шешім тапқан алебастрлармен көркемделген болатын. Осындай теңдессіз өнер мұраларын қалдырған Микен акрополи «Арыстандар қақпасы» арқылы ерекше танымал болды.

Келесі Эгей, Миной мәдениетінен танымал болған мұралардың бірі «Атрей қазынасы» деп аталады. 1876 жылы неміс ғалымы Генрих Шлиман кездейсоқ жағдайда Агамемнон патшаның сағанасын ашқан болатын. Құрылымында да пішінінде де ерекше зиратты ашу барысында ішінен мол қазына табылады. Осыған байланысты оны «Атрей қазынасы» деп атады. Аңыз ойынша бұл сағанада Атрей патша мен оның ұлы Агамемнон патша жерленген делінген. Сағанадан табылған мол алтын мұралармен қатар ерекше бір өнер туындысы ол патшалардың мумияларының бетіне кигізілген, алтын пластиналардан жасалған портреттік маскалар еді. Осындай портреттік маскаларға қарап отырып, олардың ерекше керемет ұқыптылықпен жасалғанын айқын байқай аламыз. Зират құрылымында төбесі күмбезбен жабылған толос ретінде шешілген. Толос грек сәулет өнерінде жоспарында шеңбер құрап шешілген ғимарат. Сағана төбесі шошақ төбелі күмбезбен жабылып, сыртынан топырақ үйіндісімен көмілген. Бұл сағананы тонаудан қорғау үшін қажет болды. Сыртынан қарағанда ол тек қана төбешік немесе жота секілді көрінетін. Алайда оған кіреберіс есік өте ұзақ дәлізден тұрды. Бұл аралық 36 м дромостан тұрды. Дромос



грек тілінде сәулеттік ғимараттарда кездесетін коридор, яғни дәліз. Осындай ұзақ аралықтан өткеннен кейін барып, сағананың ішіне кіруге болады. Сағананың ішінде Агамемнон патшаның мол мұрасы, асыл бұйымдары қоса жерленді. Солардың ішіндегі ең әсерлісі, адамның шеберлігінің ең жоғарғы деңгейін көрсететін бұйым Агамемнон патшаның мумиясына кигізілген алтын маска болды. Алтын маска жұқа алтын пластинкадан жасалып, портреттік дәлдікке біраз болса да жақындатып бейнеленген болатын.

Крит-Микен аралдарының өнері тек қана сәулет өнерімен ғана белгілі емес. Сонымен қатар, Гомер жырлаған Иллиада мен Одиссей поэмаларында Троя қаласы жиі айтылады. Троя қаласы Эгей мәдениетінің ең ежелгі орталықтарының бірі болған еді. Көптеген ғалымдар мен археологтар дәл осы деректі поэма мазмұнындағы аңыз ғана деп түсінді. Алайда Генрих Шлиман секілді археологтардың арқасында қала қирандылары анықталып, оның орнынан өте керемет өнер туындылары табылады. Генрих Шлиман кезекті археологиялық қазба жұмыстары барысында тау секілді үйілген үйіндінің астынан көне қаланың қабырғасының іздерін табады. Қабырғаны ашу барысында ол өзінің құралының басы белгілі бір заттарға тірелгенін байқап, бұл жерде қазына болуы мүмкін деген болжам жасайды. Сол арада дереу үзіліс жасап, жұмысшыларды тарқатып жібереді. Артынша қазба жұмыстарын жалғастырып, қабырға арасын аршып қараған кезде ол жерден жалпы саны он мыңға жететін алтын бұйымдардан жасалған әшекей заттар табылады. Бұл заттардың барлығы бір себеттің ішіне жинақталып, қабырғаның қуысына жасырылған екен. Археолог ғалымдар Шлиманнан кейін бұл деректерді зерттеп қарастыра келе оның Троя қазынасы емес екенін, яғни Шлиман оған «Приам қазынасы» деп қате атау бергенін өз зерттеулерінде айқындап кетеді. Күрделі зерттеу барысында дәл осы қазыналардың Трояға дейін Троя территориясын мекендеген, мың жыл бұрын мәдениет құрған халыққа тиесілі екені анықталады. Қазіргі таңда «Приам қазынасы» аталатын Шлиман тапқан археологиялық мұралар Ресейдің Пушкин мұражайында сақтаулы.

Ол кезден бізге камарес қыш бұйымдар, кикладтық стильдегі мүсіндік туындылар жеткен еді. Шамамен б.з.д. 2800 жылдарға жататын кикладтық мүсіндер өзінің ерекше образдық шешіміне көрерменін тартады. Мысалы, абыз әйелдің мүсіні өз болмысында-ақ ерекшелігін айқындап тұр. Екі қолына ұстаған екі жылан төбесінде отырған бір жануар оның сол жануарлар әлемінің патшайымы екенін жеткізеді. Әсіресе, киім кию үлгісі таңғаларлықтай. Белдемшесі конус тәрізді шашақты, алдында алжапқышы бар екенін байқаймыз. Алайда кеуде түсі ашық. Мұндай киім кию үлгісі Ежелгі Крит аралдарында ғана емес, Мысыр елі мен қазіргі Африкалық халықтардың кейбір тайпаларында әлі кездесетінін білеміз. Кикладтық мүсіндерден ер адамдардың мүсіндерін кезіктіре алмаймыз. Тек қана әйел бейнесі басымдық танытады. Бұл сол кездегі белгілі бір діни жоралғыларды орындауға әйел адамның басымдық танытқанын немесе әйел адамның бейнесімен тығыз сабақтастық бар екенін көрсетеді.

Екінші, өте бір әсем шешім тапқан өнер түрі бұл қыш бұйымдары. Оны камарес стилі деп айтамыз. Мұндай бұйымдар алғашында қоңыр немесе қара түске боялған ыдыстардың сыртына әртүрлі теңіз тіршілігі иелерінің бейнелері салынған болатын. Кейбір жерлерде олар реалистік сипат алса, кейбір жерлерінде бұрмаланып абстракциялық сипат алады. Алайда олар, сол жанды, динамикалық құрылымымен ерекшеленіп, бүгінге дейін ғалымдар тарапынан ерекше қызығушылық тудырды. Формалары да ерекше қызықты. Біз көріп үйренген классикалық құмыраларға мүлде ұқсамайды, яғни ауыздары кең, кейбіреулерінікі өте тар. Ұстайтын кішкене ғана құлағы бар немесе шар секілді дөңгелек пішінді, ауыздары тағы да тар болып келген мұндай ыдыстардың су немесе тек сұйықтық құюға ғана арналғанын топшылап болжауға болады. Эгей, Крит, Микен аралдары бізге дейін бүгінгі антикалық грек өнерінің қалыптасуына алғышарт болған. Эгей, Крит, Микен аралдарының өнері арқылы ежелгі антика өнеріне негіз болған сарай құрылыстарының сәулет өнері, мүсін өнері және қышты көркемдеп өңдеу өнерімен тереңірек таныстық. Егер дәл осы территорияда осы мәдениет қалыптаспаған болса, кейінгі Антикалық Грек мәдениетін, Рим өнерін, Еуропаның кейінгі мәдениеттерін елестету қиын еді. Сондықтан да Эгей мәдениеті, Крит-Микен, Миноя мәдениеті Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грек өнерінің аралығында көпір қызметін атқарған, зор үлес қосқан өркениет.